Балаларды қабылдау ата-анамен әңгімелесу	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет	Балалардың тазалығы жайында ата-аналармен әңгімелесу Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерт Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет у.	
«Рөлдік сюжеттік ойындар» Баланың таңдауы бойынша белсенділік орталықтарда еркін ойын. Сөздік минимум. Сыпайы сөздер: Рұқсат па? Кешіріңіз, бірге ойнайық, алуға болады ма?					
Таңғы жаттығу	«Оң сол» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Шеңбер жасау» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Қайшы» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Айқастыру» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	
Таңғы асқа дайындық	Ас алдында бетін, қолдарын өз бетінше жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру.				
Таңғы ас	«Асқа бата беру» Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Дастарханың мол болсын, Уайым-қайғың жоқ болсын. Бақ-дәулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа Сөздік минимум Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шәй, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын!				
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Дене шынықтыру «Мысық пен Тышқан» Шарты: Етпетімен жатып, гимнастикалық тақтайшалармен еңбектеу. Балалар шеңбер құрып,екі бала шығып бреуі тышқан екіншісі мысық	Музыка «Бесік жыры» Әлди, әлди бөпешім, Әлпештеген көкешім. Тербетейін жата ғой, Тәтті ұйқыға бата ғой. Әлди, әлди бөпешім, Сендей сәби жоқ, көкешім, Атам, әжем дейсің бе?	Дене шынықтыру «Жұптасқан эстафета» Шарты: Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан домалату Балалар екі қатарға тұрып, бір-бірін жалаушаға	Сөйлеуді дамыту Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт Қонаққа Маша қыз келеді, балаларды орманға қонаққа шақырып, көмек сұрайды: - Сәлеметсізбе, балалар?	

	болады. Тышқан қашады мысық қуалайды. Сөйлеуді дамыту Тосын сәт Сиқырлы сандық келуі. Сандықшаны қар ұлпаларымен қаптап тастаған. Ой балалар қандай ғажап сандықша. Аудио дыбыс сандықшаның ішінен. Ой балалар мынау аққаланың әні ғой. Мұнда бір конверт жапсырулы тұр, қане ашайық. Дид ойын: «Не артық» Шарты: Қыс мезгіліне сәйкес келмейтін суреттерді алып тастау. (Шана, велосипед, аққала, скутер, коньки, үрлемелі шар және т.б. бейнелер) Сандықша ашылды. Онда хат бар екен. Хатты аққала жазыпты. Құрметті балалар, менің досым аққала жылы жаққа барам деп еріп кетті, соны қайта орнына келтіріп беріндерші, мен досымды жақсы көремін. Балалар көмектесеміз бе? «Сиқырлы таяқша» Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа үйрету. Шарты: балалар шеңбер бойына тұрады. Жетекші бір баланың қолына таяқша береді. Көңілді	Тілің тәтті бөпешім. Әжемен қоштасып балабақшаға оралу. Сиқырлы кілемше Сөйлеуді дамыту Қызығушылықтарын ояту Балалар бізге қонаққа қуыршақ келіпті қуыршақтардың қалай киінгенін қараңдаршы. Олар не киіп жүр? Қалай ойлайсындар, олар неліктен қалпақ, тон, күртеше киді? Міне Қуыршақтар серуендеуге барады. Қазір далада күн суық серуенге шыққанда жылы киіну керек. Тосын сәт Тағы бір қуыршақ келеді. Мына қуыршаққа Айнұр деп ат қояйық. Ол да серуенге шыққысы келеді, бірақ серуендеуге жылы киімі жоқ. Ол достарынан көмек сұрады. Біздің сандықшада көптеген киімдер бар екен , қане соны қарайық Бұл күрте қандай түсті? Балалар киімдердің атын түсін айтап айтады Енді Айнұр киініп серуендеуге болады. Қоршаған ортамен таныстыру Дид ойын: «Айнұрды киіндіреміз» Айнұрды киінуге көмектесейік. Балалар	апарады. Қай команда бұрын жетеді, сол жеңіске жетеді. Қоршаған ортамен таныстыру Балалардың қызығушылықтарын оятып теледидардан бейне ролик көрсету. Әже шығып амандасады. Балалар немеремді бесікке салайын деп жатырмын. Сендерді де қонаққа шақырамын. Мынау сиқырлы кілемше, осы кілемшемен тезірек ұшып келулеріңе болады. Сенсорика Көзімізді жұмамыз. 1,2,3 кілемше ұш. Сиқырлы кілемшемен әже ауылына бару. Әже балаларды қарсы алады. Сөйлеуді дамыту Бесік жыры туралы әңгімелейді. Балаларға бесіктің ағаштан жасалғанын балаларға көрсетеді. Бесікке салу. Бесік – қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу елдегі жолы үлкен, тәрбиелі, өнегелі әжелерге тапсырылады. Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той. Сол күні баланы шомылдырып, суға сыңғырлаған тиындар	Мені танып тұрсыз ба? Мен сіздің досыңыз Машамын. Сендер қыс туралы не білесіндер? Қоршаған ортамен таныстыру Ой қозғау. Қыс мезгілі қандай? Қыста қалай киінесіндер? Балалардың жауаптары. Көркем әдебиет Балалар, Машаға қандай киім киетініміз туралы тақпақ айтып берейік. Ішік, пима қолғап бар Арада жоқ тоңақтар Баста қолың малақай Біз тоңбаймыз алақай. Біздің орманымызда барлық аңдар көңілсіз, ренжіп жүр. Менімен орманға барып, аңдардың көңілін көтерейікші. Барасындар ма? Жолда тиінге көмектесу. Сенсорика, Құрастыру Дид ойын: «Шырша» Шарты: Тиінге үлкен шырша құрастырып беру. Қасына тиінді қою Аңдармен сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз. Қолды белге қоямыз, Бұрыламыз оңға бір. Бұрыламыз солға бір.	
--	---	--	---	--	--

	әуен ойналады, балалар шеңбер бойыда тұрып билейді. Балалар қолдағы таяқшаны бір-біріне береді, музыка тоқтағанда таяқша кімнің қолында қалса, сол бала ән немесе би билеп береді. Құрастыру Тапсырмалар бойынша аққаланы құрастырамыз. Сенсорика Аққала қандай пішіндерден тұрады? Аққаланың түсі қандай? Дене бөліктерінде нелер бар? Ол жылдың қай мезгілінде болады? Қоршаған ортамен таныстыру Дид ойын: «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» Балалар, қыс – жылдың тамаша мезгілі. Қыстың қызықтары көп, мен сендерге қыста көшеде қауіпсіз жүру ережелерін еске салғым келеді, 1-слайд . Қыста қалай киіну керек? Неліктен? Слайд 2. Көше көктайғақ болса, мұзбен қалай жүру керек? Мұзда жүрсек, әрине құлаймыз, сондықтан баяу жүрген жөн Слайд 3. Қыста үйлердің шатырының астында жүруге бола ма? Неліктен?	куыршақты киіндіреді. қимылдарды айтады, киімдерді атайды. Балалар Айнұрдың киімдерінің ішінде етігінің бір пары боялмаған, ол соған ренжіп тұр. Етігінің түсі қандай? Қызыл Ендеше мына етігінде қызылға бояп берейік. Дид ойын: «Қызыл етік» Шарты: Трафарет арқылы етікті губкамен бояу. Дид ойын: «Не жетіспейді» Айнұрда қолғабы жыртылып қалыпты, күн аяз оның қолы тоңады. Ендеше Айнұрдың қолғабын жамап берейік. Қолғапқа жамауды жапсыру. Ал бас киіміне не жетіспейді? Бас киімінің төбесінде домалағы түсіп қалыпты. Олай болса Айнұрға көмектесейік.	салады, балаға денсаулықпен бірге байлық тілейді. Сергіту сәті: Бала, балақан, Қане қайсы алақан Саусақтарың әйбәт, Былай – былай ойнат. Дәстүр «Бөпені бесікке бөлейміз» Шарты: Баланы бесікке салып, бөлеп үстіне жапқыштарын жабады. Бесікті тербетіп отырып әжей әндетеді, балалар қосылады. Көркем әдебиет		
--	--	--	--	--	--

	Шатырдың астыда жүруге болмайды, төбеде қар мен мұз бар,мұздар құлап кетуі мүмкін! слайд 4. Достармен қарлы доп ойнағанда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? Қармен ойнағанда мұзды лақтыруға болмайды! Жарайсыңдар! Аққаланың екінші бөлігін жапсырамыз. Көркем әдебиет Дид ойын: «Кім көп біледі?» Шарты: Қыс туралы тақпақтар айту. Аққаланың үшінші бөлігін жапсырамыз. Тақпақ. Педагогтың көмегімен Қар жауғанда топ бала, Соқты келіп аққала. Мұрны сәбіз, үп үшкір. Көзі көмір, қап қара.				
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдылар: Өзіне-өзі қызмет көрсету, киіміне күтім жасау Сөздік минимум Киім-кешек: Шалбар, тон, етік Іс-қимылды білдіретін сөздер: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау				
Күндізгі серуен	Бақылау: Аспанды бақылау. Мақсаты: Аспан туралы түсінік беру, ондағы құбылыстарды атату. -Аспанға қарайық түсі қандай? Еңбек: Қардан төртбұрышты	Бақылау: Үйлерді бақылау Мақсаты: Үйлерді бақылату, төбесіне қар жамылғанын айту. -Сендер қандай үйде тұрасыңдар? -Көп қабатты үй мен жер үйдің айырмашылығы қандай? Еңбек: Қардан кішкен үйшік дайындау. Мақсаты: Балаларды бірлесіп еңбек етуге баулу. Жеке жұмыс: Үйдің суретін	Бақылау: Қар үстіндегі іздерді бақылау Мақсаты: Балалардың қызығушылық сезімдерін дамыту. Қар үстіндегі іздерді ненің ізі екенін ажыратуға үйрету. Еңбек: Ойын алаңына дейін жол жасау Мақсаты: Балаларды бірлесіп еңбек етуге баулу.	Бақылау: Адамдарды бақылау Мақсаты: Адамдардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. Еңбек: Қарды тазалап, жол жасау. Мақсаты: Балаларды еңбек етуге баулу. Жеке жұмыс:«Қыс» тақпақ жаттату	

	пішін дайындау. Мақсаты: Балаларды еңбек етуге баулу, төртбұрыш пішінін айыра білуге үйрету. Жеке жұмыс: Күннің райын атату. Мақсаты: Күннің райын ажырата білуге үйрету. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Ұшақ сияқты қимыл жасауға, шеңбер бойымен жүруге үйрету. Ұлттық ойын: «Бес тас» Балалардың дербес әрекеттері: Балалар өз бетінше ойнайды.	салғызу. Мақсаты: Үйдің суретін салғызу арқылы шығармашылыққа баулу. Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ұлттық ойын: «Арқан тарту» Балалардың дербес әрекеттері: Балалар өз бетінше ойнайды.	Жеке жұмыс: «Ненің ізі» дидактикалық ойын ойнату. Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Қимылды ойын: «Шанамен ойын» Мақсаты: Шананы дұрыс жүргізуге үйрету. Балалардың дербес әрекеттері: Балалар өз бетінше ойнайды.	Мақсаты: Қыс туралы түсініктерін кеңейту. Қырау қатып жағаға Аяз бетті өбеді. Бірі мініп шанаға Бірі шаңғы тебеді. Қимылды ойын: «Қар жинау» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Балалардың дербес әрекеттері: Балалар өз бетінше ойнайды.	
Гигиеналық шаралар	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қалыптастыру ересектің көмегімен) Ойын жаттығу «Айна» Іс қимылды білдіретін сөздер. Жуу, жүр				
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Сыпайы сөздер: рахмет жеке заттарды қолдану: майлық түбек, Тамақтану кезінде орындықта тік отыру Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, Сөздік қор: Нан, май, Шай				
Күндізгі ұйқы	Бесік жырлары тыңдатып ұйықтату				
Ұйқыдан тұру	Төсек жанындағы жаттығулар: Суланған тұзды матамен жүргізу Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Тоқаш, сүт, су, шәй				

Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Сурет салу Жапсыру, Мүсіндеу «Не жетіспейді?» Шарты: Аққаланың жетіспеген бөліктерін құрау. Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Аққаланың қалпағын бояу, жапсыру. 2-топ: Аққаланың мұрынын, көзін мүсіндеу. 3-топ: Аққаланың сыпырғышын екі бөліктен құрап жапсыру.	Мүсіндеу, Сурет салу, Жапсыру Дид ойын: «Айнұрға көмек» Шарты: Ермексазды домалақтау арқылы бас киімді сәндеу. Айнұрдың киімдерін киді, ол серуенге дайын. Оған ойнайтын күрек жетіспей тұр, күрек құрастырып берейік Құрастыру, Сенсорика Дид ойын: «Күрек» Шарты: Пішіндерден құрастыру жұмысы. Айнұрмен рақмет айтып қоштасу. Көркем әдебиет Тақпақ айту Қыс келді Алақай Қуанады балақай Қортынды Балаларды мадақтау	Балаларды топқа бөлу. Дид ойын: «Шеберлер» Құрастыру 1-ші топ. Бесікті құрастыру. Жапсыру, 2-ші топ. Киіз туралы түсінік беру, киізге ою жапсыру. Сурет салу, Мүсіндеу 3-ші топ. Дәстүрден тыс сурет салу арқылы бесікті безендіру. Шарты: Берілген тапсырмаларды суретке қарап жасау. Қорытынды. Балалар біз сиқырлы кілемшемен қайда бардық? Әжей немересіне қандай өлең айтып береді? Бесік қандай заттан жасалған? Балаларды мақтап, мадақтау.	Жапсыру, Сурет салу, Мүсіндеу Түлкілерге көмектесу. Оларға ойын ойнау үшін қар үйінділері керек екен. Дид ойын: «Қар үйінділері» Топтық жұмыс. Шарты: Үлкен форматқа қар үйінділерін жапсыру. Қасына түлкіні қою. Қасқырға көмектесу. Дид ойын: «Шырша ойыншықтары» Шарты: Ормандағы шыршаларға ермексаздан ойыншық жасау. Қасына қасқырды қою. Аңдар қуанып рақмет айту. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау	
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Амангелді Сафиянұр Амангелді Айша Байжігіт Ақнұр Ілиясұлы Жомарт	Сенсорика Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға дағдыландыру. Даулет Темрлан Еркінбек Бірғаным Жанысбай Маржан	Сурет салу Түстерді ажырата алуды, оларды дұрыс атауды үйрету. Оразқали Нұрасыл Серік Айзере Толқынбек Аяулым Хонысбек Каусар	Қоршаған орта Ағаш, гүл, шөп сөздерін дұрыс қолдануды үйрену. Әлімбек Ақнұр Бейбіт Омар Бауыржан Асылым	Сурет салу Дөңелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелей алуды үйрену Аділетқызы Жібек Әлдибек Жәмілә
Кешкі серуен	Бақылау: Айналадағы адамның қысқы еңбегі»	Бақылау: Аязды күнді бақылау.	Бақылау: Мұзды бақылау.	Бақылау: Боранды бақылау.	Бақылау: Күнді бақылау.
Үйге қайту, ата-анаға кеңестер	Ата аналармен балалардың төлем ақысы туралы, балалардың	Ата – аналарға балалармен үйде жеке жұмыс түрлерін мысалы суретті әдемі	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі

	тазалығы туралы, балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	жапсыруға үйретуін есеру және кеңес беру. Балалардың үйге қайтуы. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы.. Балалардың сұранып үйге қайтуы Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	уақытында әкеулерін ескерту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	туралы әңгімелеу. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!
--	--	---	---	--	--

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы –«Балауса» бөбекжай-бақшасы

Топ - «Ботақан» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі 19.12.-23.12 Желтоқсан 2022 ж.

Режимдік сәттер	Дүйсенбі 19.12.22ж	Сейсенбі 20.12.22ж	Сәрсенбі 21.12.22ж	Бейсенбі 22.12.22ж	Жұма 23.12.22ж
Балаларды қабылдау ата-анамен әңгімелесу	Балалардың тазалығы жайында ата-аналармен әңгімелесу Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Үйдегі өзіне - өзі қызымет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұру. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!
«Рөлдік сюжеттік ойындар» Баланың таңдауы бойынша белсенділік орталықтарда еркін ойын.					
Таңғы жаттығу	«Оң сол» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Шеңбер жасау» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Қайшы» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Айқастыру» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Жасыру» жаттығулар т Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз
Таңғы асқа дайындық	Ас алдында бетін, қолдарын өз бетінше жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру.				
Таңғы ас	«Асқа бата беру» Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Дастарханың мол болсын, Уайым-қайғың жоқ болсын. Бақ-дәулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа Сөздік минимум Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шәй, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын!				
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Дене шынықтыру «Пирамиданы кім бұрын тұрғызады?» Шарты: Қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру.	Музыка: «Шыршамызды сәңдейміз» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа үйрету. Шарты: Ойыншықтар ілінген шыршаның	Дене шынықтыру: «Көген тартыс» Шарты: Екі топқа бөлініп, екі топ бірінің артынан бірі тұрып тартысады кім қызыл сызықтан өтеді сол	Қоршаған ортамен таныстыру Тас туралы бейне ролик көрсету. Сөйлеуді дамыту	Дене шынықтыру: «Өз жұбыңды қуып жет» Шарты: Қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру

	Балалар екі топқа бөлініп, қай топ Пирамиданы дұрыс және тез тұрғызады сол жеңіске жетеді. Қоршаған ортамен таныстыру Тыныштық сәті: Дид ойын: «Ненің дыбысы?» Шарты: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау. Сұрақ-жауап Ненің дыбысы деп ойл айсың-дар? (Табиғаттың) Табиғат дегеніміз-бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер, су, орман мен жануарлар. Табиғатқа саяхат жасауға барамыз ба? (Топ бөлмесінің ішіне саяхат) Ой дамыту. тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысын түсіндіру. Сөйлеуді дамыту 1-аялдама. Су Сылдырап ағып жатқан не ? -Дұрыс бұл су. -Ал судың қандай пайдасы бар? Біз адамдар суды	көрнекілік суретін көрсету. Балаларға шырша ойыншықтарының силуэттері таратылады. Ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіреді. Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту Миға шабуыл. Дид ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?» - Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу - Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау - Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту - Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз? - Құстарға қалай көмектесеміз? Сергіту сәті. «Құм, тас, су». «Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу. Су дегенде толқын жасап қалу. Ой қозғау. Сендер осы табиғатты зерттейтін ғалым болғыларың келе ме? Сенсорика Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар» Шарты: Құм түйіршіктерін үлкейткіш әйнек арқылы қарап пішінін анықтау. Әр бала құмды алып, оның қаншалықты сусымалы	жеңіліске жетеді. Сөйлеуді дамыту Қызығушылықты ояту. Қараңдаршы, бізге біреу шырша әкеп қойып кеткен. Шырша толық ойыншық. Шыршада қандай ойыншықтар бар? Шарлардың түсі қандай? (Балалардың жауаптары.) Тосын сәт. Орманшы атайдан хабарлама келеді. Қоршаған ортамен таныстыру Ормандағы аңдар да шыршаны жаңа жылға безендіргісі келді. Жануарлар үлкен әдемі шыршаны іздеуге кетіпті. Орманда қандай ағаштар өсетінін қараңдар Өз шыршаларыңды салыстырыңдар. Сенсорика Дид ойын: «Қандай шырша?» Бұл шырша (кішкентай), мынау қандай? (Балалардың жауаптары.) Ең үлкен шыршаны, ең кішісін тап. Біздің жануарларға бірде-бір шырша ұнамады. Олар сендерден үлкен шырша жасауды сұрайды. Үшбұрыштардан шырша жасайық. Алдымен ең үлкен үшбұрышты аламыз. Үстіне кішірек үшбұрышты, ал ең кішкентай үшбұрышты ең	Тас туралы түсінік беру, әртүрлілігі туралы айту. Картотека № 7 До: «Сипатта» Әр түрлі тастарды, көлемі, түсі, пішіні, бойынша сипаттау Сенсорика «Түсіне қарай орналастыру» Шарты: берілген суреттегі жетіспей тұрған түстерге түрлі - түсті тасты орналастырады. Көркем әдебиет аудио ертегі тыңдату «Шақпақ тас»	Топ қыздармен ұлдарға бөлінеді, Ұлдар қыздарды қуып жетуі керек, ұлдар қыздарға жете алмаса жеңіліске жетеді. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру Қызығушылықты ояту -Балалар, біз таңертең ұйқыдан оянып, көзімізді ашқанда ең бірінші нені көреміз? -Ендеше, күнмен, жер-анамен, достарымызбен амандасайықшы! Армысың, Алтын күн! Армысың, Жер-ана! Алақандыашайық, Күннің нұрын салайық Ой дамыту. Сұрақ-жауап Балалар осы күн бізге не үшін керек? Егер күн болмаса мына гүлдер, шөптер өсе ме? Күн маған да саған да керек екен. Олай болса күн туралы ертегі еліне саяхат жасайық Көркем әдебиет «Күн саулесі» ертегі -Ертеде аспанда Күн сәулесі өмір сүріпті. Күн сәулесі аспанда жалығып, жер бетіне түсуді ойлайды. Жерге түсіп, жылаған гүлді көріп, оған жылуын сыйлайды. Гүл қуанып, күлімсіреп, рақметін айтады. Ұшып бара жатып, қанатын сулап алып ұша
--	--	--	--	---	--

		екенін сезіну.	жоғарғы жағына қоямыз. Не болды? Біз қай үшбұрышты бірінші алдық? Қай үшбұрыш төменгі жағында, қайсысы жоғарыда орналасқан? Көркем әдебиет педагогтың көмегімен тақпақ жаттату. Ақ қар, жапты даланы, Ақ жамылды айнала. Жарқыратып шамдарын, Шырша келді ортаға.		ламай жүрген араны көреді, шуағымен қанатын кептіріп, араның ұшуына көмектеседі. Ара да оған ризашылығын білдіреді. Тағы ұшып келе жатып, солып қалған гүлдердің арасынан шыға ламай жатқан көбелекті көреді. Гүлдерге сәулесін түсіреді. Олар бастарың көтергенде олардың арасынан көбелек ұшып шығады. Көбелек күн сәулесіне рақметін айтады. Күн сәулесі қиын сәтте басқаларға көмектескеніне өзі риза болады. Күн сәулесі табиғат пен адамзатқа өз шуағы мен жылуы қажет екенін түсініп, аспанға орнына барады. Сөйлеуді дамыту Сендерге ертегі ұнады ма? Күннің түсі қандай? Пішіні қандай? Ол қайда тұрады? Ертегіні талдау. -күн сәулесі жерден нені көреді? -гүлге қандай көмек көрсетеді? - ара не үшін ұша алмай тұрады? -араға қандай көмек көрсетеді? -солып қалған гүлдер арасынан шыға алмай жатқан қандай жәндікке көмек көрсетеді?
--	--	----------------	--	--	--

					Гүлдер, көбелек, ара, күн сәулесіне не айтады? Сенсорика, Құрастыру Д.о. «Күннің шуағын тап» Ойынның шарты: берілген карточкалардың ішінен түсі көлемі бойынша күннің шуағын құрастырады.
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдылар: Өзіне-өзі қызмет көрсету, киіміне күтім жасау Сөздік минимум Киім-кешек: Шалбар, тон, етік Іс-қимылды білдіретін сөздер: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау				
Күндізгі серуен	Бақылау: «Айналадағы адамның қысқы еңбегі» Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру,еңбекке еңбекке ынтасын тудыру. Тақпақ: Қыстыгүні таңертең Ерте оянып жас бала «Қар» деп сыртқа қарайды, Көңіл бөлмей басқаға Қимылды ойын: «Аққоян» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа,ептілікке баулу. Еңбек: Ауладағы қарды таалау. Мақсаты: Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа ,ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жазда таудың басында Қыста аяқ астында, Балмұздақтан аумаған	Бақылау: Аязды күнді бақылау. Мақсаты: Аяз туралы түсінік бере отырып,оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру.Жұқпалы аурулардың микроптардың өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін айту. Аққу мамық ұлпа қар, Жамылады қырқалар Шымшып аяз бетінді, Ширатады етінді. Қимылды ойын. «Қар лақтыру» Мақсаты: Балалардың ойынға ынтасын арттыру. Еңбек: Ауладағы қарды жинау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.Үлкендердің еңбегін бағалауға,құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аяз туралы жұмбақ жаттату. Қолы жоқ,сурет салады, Тісі жоқ,тістеп алады.(аяз) Мақсаты:Балалардың сөйлеу әрекетін,есте сақтау,ойлау қабілеттерін арттыру.	8Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау.Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу.Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау. Жеке жұмыс: Тақпақ оқу. Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл,жаңа жыл Жаңа жылда жаңа нұр Жасыл шырша жанында Жадырап шырша жанында Жадырап бар бала жүр Мақсаты:ЖЕсте сақтау қабілетін дамыту,сөдерді қатесі дұрыс айтуға үйрету. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» Мақсаты:Шапшаңдыққа ,жылдам шешім қабылдауға үйрету.	Бақылау: Боранды бақылау. Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан,қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру. Жұмбақ. Қанаты жоқ ұшады Аяғы жоқ желеді, Ауызы жоқ ұлиды(Боран)Қимылды ойын «Байқап қал». Мақсаты: Байқампаздыққа ,тапқырлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс. «Мен сыпайы боламын» Мақсаты.Айналадағы адамдарға ілттипатпен қарау.Қиналған кезде көмектесесөйлескенде сыпайы бол.Айғайлама,сөзді бұзба,басқаларды тыңдай біл,қоғамдық орындарда даурықпа!Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке,адамге ршілікке баулу. Еңбек: «Таза жолдар»	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: , қажеттілігі.Қыста күннің қызуы төмендейтіндігі туралы түсіндіру.. Еңбек: «Таза жолдар» Мақсаты.Ойын алаңына барар жолдарды тазалау.Таззалыққа топ болып еңбек етуге үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды.(Күн) Мақсаты: Жұмбақ үйрету арқылы сөздік қорларын молайту.Ойлау қабілетін арттыру.Тілдік шығармашылыққа тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. «Қимылды ойын: «Түйілген орамал» Ойынның мақсаты : Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып,ептілікке қырағылыққа,шапшаңдық қа баулу.

	Бұл не тағы расында ?(Қар) Мақсаты: Балаларға жұмбақ жасыра отырып,жылдам шешім таба білуге,есте сақтау қабілеттерін дамыту.			Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау.Еңбекқорлыққа баулу.	
Гигиеналық шаралар	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар,қалыптастыру ересектің көмегімен) Ойын жаттығу «Айна» Іс қимылды білдіретін сөздер. Жуу, жүр				
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Сыпайы сөздер: рахмет жеке заттарды қолдану: майлық түбек, Тамақтану кезінде орындықта тік отыру Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , Сөздік қор:Нан, май, Шай				
Күндізгі ұйқы	Бесік жырлары тыңдатып ұйықтату				
Ұйқыдан тұру	Төсек жанындағы жаттығулар: Суланған тұзды матамен жүргізу Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	<i>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру.</i> Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. Тоқаш,сүт.су, шәй				
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Шығармашылық бұрышы. Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру «Тамшылар» Балаларды 3 топқа бөліп, дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы тамшыларды бояту. Пазл көмегімен теңізді құрастыру Қортынды От та, суда, ауа да Жан-жануар барлығы Орман теңіз тауларда Табиғаттың байлығы. Балаларды мадақтау	Шығармашылық бұрыш Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру Құрғақ және дымқыл құм арқылы әр түрлі пішінмен сурет салу және мүсін жасау, құм түйіршіктерімен дайын суреттерді безендіру.	Шығармашылық бұрышы. Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру, Сурет салу Дид ойын: «Бөлігін тап» 3-5 бөліктен тұратын суретті бір –біріне жапсыру. Шыршаның бір ойыншығы сынған, оны жинауға көмектесіндер. Балалар қиылған суреттерді бір-біріне келтіріп жапсырады. Біз енді мына шыршаны орманымызға апарамыз, сонда жануарлар шыршаны безендіре алады. Біз оларға әдемі ойыншықтар жасап берейік. Дид ойын: «Шырша ойыншықтары» Шарты: ермексаздан шырша	Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру «Тас» Балаларды 3 топқа бөліп, дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы тапсырманы орындату. Құрастыру Марблс тастарымен түрлі бейнелер құрастыру.	Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру «Күн» Балаларды 3 топқа бөліп, дәстүрден тыс әдіс-тәсіл арқылы тапсырманы орындату.

			ойыншықтарын жасау Міне, біз жануарларға әкелген әдемі шырша әшекейлері. Қоянға қызыл доп, түлкіге жасыл, ал аюға сары доп берейік. Жануарлар шыршаларын безендірсін.		
Балалармен жеке жұмыс	«Сенсорика» Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды салыстыра алуды үйрену. Алахыш Айша Әлібек Қуаныш Амангелді Сафиянұр	Сөйлеу дамыту Шағын тақпақтарды асықпай анық айтуға дағдылау. Бағдаулет Бағжан Байжігіт Ақнұр Ілиясұлы Жомарт Даулет Темрлан	Қоршаған ортамен таныстыру Жануарлардың дене бөліктерін ажырата алуды үйрету. Еркінбек Бірғаным Жанысбай Маржан Қанатбекұлы Алғыр Қалел Нығметолла	Сенсорика Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға дағдыландыру. Нургалиев Аділ Нұрхан Медина Оразқали Нұрасыл	«Шығармашылық» Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін қалыптастыру Серік Айзере Толқынбек Аяулым Хонысбек Каусар
Кешкі серуен	Бақылау: Айналадағы адамның қысқы еңбегі»	Бақылау: Аязды күнді бақылау.	Бақылау: Мұзды бақылау.	Бақылау: Боранды бақылау.	Бақылау: Күнді бақылау.
Үйге қайту, атанаға кеңестер	Ата – аналарға баланың тазалығы жайлы айту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	Танымдық дағдыларын дамыту бойынша кеңес: баланың есте сақтауы Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	Ата-аналарға баланың бүгінгі жетістігі жайлы айту Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы –«Балауса» бөбекжай-бақшасы

Топ - «Ботақан» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі : 26.12.-30.-12 Желтоқсан 2022 ж.

Режимдік сәттер	Дүйсенбі 26.12.22ж	Сейсенбі 27.12.22ж	Сәрсенбі 28.12.22ж	Бейсенбі 29.12.22ж	Жұма 30.12.22ж
Балаларды қабылдау ата-анамен әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Үйдегі өзіне - өзі қызымет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұру. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!
«Рөлдік сюжеттік ойындар» Баланың таңдауы бойынша белсенділік орталықтарда еркін ойын. Сөздік минимум. Сыпайы сөздер: Рұқсат па? Кешіріңіз, бірге ойнайық, алуға болады ма?					
Таңғы жаттығу	«Оң сол» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Шеңбер жасау» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Қайшы» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Айқастыру» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Жасыру» жаттығулар Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз
Таңғы асқа дайындық	Ас алдында бетін, қолдарын өз бетінше жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру.				
Таңғы ас	«Асқа бата беру» Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Дастарханың мол болсын, Уайым-қайғың жоқ болсын. Бақ-дәулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа Сөздік минимум Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шәй, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын!				
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Дене шынықтыру Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: секіру, Құрсаудан құрсауға аттап өту Сөйлеуді дамыту	Музыка Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, шеңбермен жүру. Қоршаған ортамен таныстыру	Дене шынықтыру Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы	Қоршаған ортамен таныстыру Тосын сәт Қыңсылаған дыбыс шығады. Есікті ашу, кішкентай күшік келуі. ІІІ. Ой қозғау. - Балалар, бұл не?	Дене шынықтыру Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру

	Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. – Сәлеметсіздер ме?! Сендер ертегіні ұнатасындар ма? Біз сендерге «Екі лақ» ертегісін сыйлыққа әкелдік. – Балалар, ертегіні тыңдап қана қоймаймыз, ертегі кейіпкерлерінің ролінде өзіміз сахналап көреміз. Көркем әдебиет, Қоршаған ортамен таныстыру Ой дамыту. Ертегі желісін көрсете отырып, түсінік беру. Сөздік ойын: «Сұрақ- жауап». – Ертегідегі лақтарды сипатта. (Ақ лақ және Қара лақ). – Ертегі не туралы? – Ертегіде неше лақ? – Ақ лақ пен қара лақ нелерге жолығады? (Түлкіге, қасқырға) – Түлкіден екі лақ қалай кұтылады? (Қырдың астында қасқыр күтіп отыр деп) – Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? (Арыстан күтіп отыр деп) – Қойшы ата Ақ лаққа не деді? Сенсорика Д\о: «Не артық?»	Қызығушылықты ояту. Балалар, бүгін біз ертегі орманына серуендейміз. Бір-біріміздің қолдарымызды ұстап жүреміз. Көзімізді жұмып, сиқырлы сөздерді айтайық: «Бір екі үш төрт бес Біз орманға серуендеуге барамыз!» Көзімізді ашамыз. Біз сиқырлы орманға келдік. (алдын ала жасалған орман макеті) Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет Балалар қараңдаршы, орман қандай тамаша, оған амандасайық. «Сәлем орман, тамаша орман Ертегілер мен ғажайыптарға толы орман! Балалар, мына ғажайып орман бізді қарсы алды, жел соқты, ал біздің орындықтар дінгекке айналды. Жел бізге хат әкелді. Мен оны сендергеге оқып беремін: Сіздердің ертегілерді жақсы көретіндерінді және бүгін менің ертегі орманыма келгендеріңе қуаныштымын. Бұл ертегі орман атайынан. Ал қайсысы ертегі сендерге ұнайды. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Қыс бойына жатады Тәтті ұйқыға батады. (аю)	заттарды беріп, оңға-солға бұрылу Көркем әдебиет Көркем сөз. Ертіп сары балапандарын, Айдарлы әсем шықты тауық. Кетпендер ұзап, балапандарым Қыт-қыт,- дейді ауық- ауық. Балалар өлең не туралы айтылған? Сендер тауық пен балапандар туралы ертегі тыңдағыларың келе ме? Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру - Міне, мынау тауық. Оның түсі ақ. Ол үй құсына жатады, өйткені оның еті, қауырсыны, жұмыртқасы адамға пайдалы. Ал, мынау оның балапандары. Олардың түсі сары, олар жұмыртқалардан шығады. Дид ойын: «Ненің даусы?» - Енді олардың даусын ұнтаспадан тыңдайық. Қызығушылықты ояту. Ертегі желісін көгілдір экран арқылы көрсетіп түсіндіру. Ертегі желісін түсіндіру мақсатында сұрақ жауап. <i>А3 форматта ертегі желісін бейнелеп көрсету.</i> Сенсорика Д\о: «Балапандар»	Бұл кішкентай күшік. -Күшік қандай? -әдемі, жүні жұмсақ, көзі бар, мұрны, құлағы, кішкентай құйрығы бар. Өзі ала, табандарыда жұмсақ. Сөйлеуді дамыту Күшікке ат қою. Ақтөс - балалар бұл күшік достарынан адасып шығып кеткен, тоңып қалыпты. Көмектесеміз бе? Сергіту сәті Күшік ашуланса қайтеді? Бірдеңені сезіп қалса не істейді? Қатты жүгіргенде қайтеді? Күшік қалай демалып жатады? Сенсорика Мүсіндеу, Құрастыру Ой дамыту. Күшікке көмек Мен Ақтөстің достарын суретке түсіріп алғанмын соған қарап отырып, достарын жасап берейік. Дид ойын: «Күшіктің достары» Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Күшіктің достарын Дьенеш блоктары арқылы құрастыру. Күшік жасау үшін қандай пішіндер қолданамыз? 2-топ: Күшікті ермексаздан мүсіндеу. Балалардың өз бетінше	және түсіру. Сөйлеуді дамыту Қызығушылықтарын ояту. Ой қозғау Терезеге қарау, қар жауып жатыр. Тәрбиеші: Қараңдаршы, қандай әдемі! Қар қандай? Балалар: Ақ, суық, жұмсақ. Аспаннан қар көп жауса, оны қар дейді Ал қар түйіршіктері айналса, жел соғады, бұл боран, Балалар, боран қалай айқайлайды Дид ойын: «Боран даусы» Қоршаған ортамен таныстыру Ой дамыту Суретпен жұмыс: Бірінші сурет: қысқы жол, дала. Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы, қар қайда жатыр? Қар жолдарда үйілген. Бұларды үйінді қарлар диміз. Қане жолды қардан ашып тазалайық. Дид ойын: «Жолды тазалаймыз» Шарты: Қар басқан жолдың суретін құрастыру. Салыстыру. Мына жол қандай? Ал біздің салған жолымыз қандай? Сенсорика, Құрастыру
--	--	---	---	--	---

	Шарты: Берілген жануарлардың суреттерінің арасынан артық заттарды табу. Сергіту сәті Тіктеп титтей құлағын, Ботам былай жүреді. Сыртылдатып тұяғын, Бұзау былай жүреді. Алға созып мойынын, Ойнақтайды ботақан. Таудан тасқа шұнағым, Секендейді лағым. Балалар ертегіні сахналайды. Санамақ арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдері бөлу. Балалар бет перделер киеді.	-Дұрыс айтасындар, аю. Сұрақ-жауап -Аю қандай жануарға жатады? Ол қалай жүреді. -Аю қандай ертегілерде кездеседі? -Бауырсақ, үйшік, маша мен аю, үш аю ертегісінде. Ертегі желісінен сұрақ-жауап арқылы балалардың қабылдау қабілетін тексеру. Маша орманда неге адасып қалды? -Маша аюлардың үйіне қалай барды? -Олар қайда өмір сүреді? -Неліктен үш аю деген? -Аюлар қандай? Сенсорика Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап». Шарты: Үш аю ертегісіндегі аюлардың көлемі бойынша көлеңкесін тауып, орналастырып шығу.	Шарты: көлемі және түсі бойынша балапандарды ұяшықтарға орналастыр.	жұмысы. Көркем әдебиет Өлең оқу: «Күшігім» Күшігім менің үріп тұр Бір нәрсені сезіп тұр Есікті ашып қарасам Достары оның келіп тұр.	Екінші сурет: Қардағы үй. Тәрбиеші: Көшелерді, үйлерді, ағаштарды жауып жатқан қарды немен салыстыруға болады. Ол неге ұқсайды? кілемге, көрпеге. Біз аулада, далада немен ойнаймыз? Шана. Біз әлі кішкентаймыз сондықтан шанамен көп ойнаймыз. Сергіту сәті. ойын. «Шырша, бүршік, қоян» Шарты: «шырша» дегенде қолды екі жаққа созу, «бүршік» дегенде отыра қалу, «қоян» дегенде секіру керек. Көркем әдебиет Тақпақ. Келіп атай болжамы, Болды ауыл олжалы. Жауды жерге күміс қар, Енді бізді кім ұстар?
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдылар: Өзіне-өзі қызмет көрсету, киіміне күтім жасау Сөздік минимум Киім-кешек: Шалбар, тон, етік Іс-қимылды білдіретін сөздер: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау				
Күндізгі серуен	Боранды бақылау. Мақсаты: Боран ұйтқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру. Жұмбақ: Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді,	Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығы,оның бүкіл табиғат үшін пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіндігі туралы түсіндіру. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты: Ойын алаңына барар жолдарды тазалау.	Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.	Қырауды бақылау. Мақсаты: Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру. Жұмбақ: Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Қырау). Еңбек: «Таза алаң».	Бұршақты бақылау. Мақсаты: Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. Қимылдық ойын: «Торғайлар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету. Еңбек: Ағаш түптеріне қар

	Ауызы жоқ ұлиды. (Боран). Қимылдық ойын: «Байқап қал». Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын». Мақсаты: Айналадағы адамдарға ілтипатпен қарау. Қиналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол. Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қоғамдық орындарда даурықпа! Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау. Еңбекқорлыққа баулу.	Тазалыққа, топ болып еңбек етуге үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн). Мақсаты: Жұмбақ үйрету арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау қабілетін арттыру. Тілдік шығармашылыққа тұрақты Қызығушылығын қалыптастыру. Қимылдық ойын: .«Түйілген орамал» Ойынның мақсаты: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу.	Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Жеке жұмыс: Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ, Ұстаған қолдарында таяғы жоқ. Күніне талай жерге кетер кезіп, Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт) Мақсаты: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Мені қуып жет». Мақсаты: Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	Мақсаты: Ойын алаңындағы қарды тазалау. Тазалыққа баулу. Еңбексүйгіштікке үйрету. Жеке жұмыс: Аппақ, аппақ қар аппақ, Қар жамылған дала аппақ. Қырау, қырау тал аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Мақсаты: Қыс мезгілінің бейнесін сипаттай білуге үйрете отырып, есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ойынға қызығушылығын арттыру.	ую. Мақсаты: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату. Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (Қар). Мақсаты: Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру. Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.
Гигиеналық шаралар	Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қалыптастыру ересектің көмегімен) Ойын жаттығу «Айна» Іс қимылды білдіретін сөздер. Жуу, жүр				
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Сыпайы сөздер: рахмет жеке заттарды қолдану: майлық түбек, Тамақтану кезінде орындықта тік отыру Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , Сөздік қор: Нан, май, Шай				
Күндізгі ұйқы	Бесік жырлары тыңдатып ұйықтату				
Ұйқыдан тұру	Төсек жанындағы жаттығулар: Суланған тұзды матамен жүргізу Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Тоқаш, сүт, су, шәй				

Тәрбиеші мен балалардың әрекеті	Сурет салу Жапсыру, Мүсіндеу Құрастыру. «Не жетіспейді?» Шарты: Аққаланың жетіспеген бөліктерін құрау. Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Аққаланың қалпағын бояу, жапсыру. 2-топ: Аққаланың мұрынын, көзін мүсіндеу. 3-топ: Аққаланың сыпырғышын екі бөліктен құрап жапсыру.	Мүсіндеу, Сурет салу, Жапсыру Дид ойын: «Айнұрға көмек» Шарты: Ермексазды домалақтау арқылы бас киімді сәндеу. Айнұрдың киімдерін киді, ол серуенге дайын. Оған ойнайтын күрек жетіспей тұр, күрек құрастырып берейік Құрастыру, Сенсорика Дид ойын: «Күрек» Шарты: Пішіндерден құрастыру жұмысы. Айнұрмен рақмет айтып қоштасу. Көркем әдебиет Тақпақ айту Қыс келді Алақай Қуанады балақай Қортынды Балаларды мадақтау	Балаларды топқа бөлу. Дид ойын: «Шеберлер» Құрастыру 1-ші топ. Бесікті құрастыру. Жапсыру, 2-ші топ. Киіз туралы түсінік беру, киізге ою жапсыру. Сурет салу, Мүсіндеу 3-ші топ. Дәстүрден тыс сурет салу арқылы бесікті безендіру. Шарты: Берілген тапсырмаларды суретке карап жасау. Қорытынды. Балалар біз сиқырлы кілемшемен қайда бардық? Әжей немересіне қандай өлең айтып береді? Бесік қандай заттан жасалған? Балаларды мақтап, мадақтау.	Жапсыру, Сурет салу, Мүсіндеу Түлкілерге көмектесу. Оларға ойын ойнау үшін қар үйінділері керек екен. Дид ойын: «Қар үйінділері» Топтық жұмыс. Шарты: Үлкен форматқа қар үйінділерін жапсыру. Қасына түлкіні қою. Қасқырға көмектесу. Дид ойын: «Шырша ойыншықтары» Шарты: Ормандағы шыршаларға ермексаздан ойыншық жасау. Қасына қасқырды қою. Аңдар қуанып рақмет айту. Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау	Жапсыру, Сурет салу, Мүсіндеу Шығармашылық бұрыш. Балаларды топқа бөлу. 1-топ: Дид ойын: «Ағаш бұтақтары» Шарты: Дайын Ағаш суреттеріне ақ түстен мақта таяқшасы арқылы бұтақтар жүргізу. 2-топ: Дид ойын: «Қар жамылған бұталар» Шарты: Ермексаздан бұталарға қар түйіршіктерін салу. Дид ойын: «Шана» Шарты: Дайын үй ауласының суретіне шана жапсыру. Қортынды Балаларды мадақтау.
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеу дамыту Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды еліктеу сөздерін айта алуға үйрету Алахыш Айша Амангелді Сафиянұр	Сенсорика Түрлі көлемдегі фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыра айтуды үйрету. Бағдаулет Бағжан Байжігіт Ақнұр Ілиясұлы Жомарт	Сурет салу Түстерді ажыратады және оларды дұрыс атай алуды үйрету. Даулет Темрлан Еркінбек Бірғаным Жанысбай Маржан Қанатбекұлы Алғыр	Қоршаған ортамен танысу. Үй құстарды таниды және атай алуды үйрету Қалел Нығметолла Нургалиев Аділ Толқынбек Аяулым Хонысбек Каусар	Көркем әдибет Таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдай алуды үйрету. Аділетқызы Жібек Әлдибек Жәмилә Амангелді Айша Асылбекұлы Омар
Кешкі серуен	Бақылау: «Айналадағы адамның қысқы еңбегі»	Аязды күнді бақылау.	Бақылау: Мұзды бақылау.	Бақылау: Боранды бақылау.	Бақылау: Күнді бақылау.
Үйге қайту, ата-анаға	Ата – аналарға баланың тазалығы жайлы айту.	Танымдық дағдыларын дамыту бойынша кеңес:	Ата-аналарға баланың бүгінгі жетістігі жайлы	Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы

кеңестер	Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау болыңыз!	баланың есте сақтауы Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау	айту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау	Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау	әңгімелесу. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сау
-----------------	---	---	---	---	---

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы –«Балауса» бөбекжай-бақшасы
Топ - «Ботақан» кіші тобы
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.01.-06.-01.Қаңтар 2023 ж.

Режимдік сәттер	Дүйсенбі 02.01.23ж	Сейсенбі 03.01.23ж	Сәрсенбі 04.01.23ж	Бейсенбі 05.01.23ж	Жұма 06.01.23ж
Балаларды қабылдау ата-анамен әңгімелесу			Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінізді сездіріңіз. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!	Үйдегі өзіне - өзі қызымет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұру. Сөздік минимум Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе? Рақмет!

«Рөлдік сюжеттік ойындар» Баланың таңдауы бойынша белсенділік орталықтарда еркін ойын.					
Таңғы жаттығу			«Қайшы» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Айқастыру» жаттығуы Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз	«Жасыру» жаттығулар Сөздік минимум Дене мүшелері: Бас, қол, аяқ, бет, іш, көз
Таңғы асқа дайындық	Ас алдында бетін, қолдарын өз бетінше жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру.				
Таңғы ас	«Асқа бата беру» Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Дастарханың мол болсын, Уайым-қайғың жоқ болсын. Бақ-дәулет берсін басыңа, Ғұмыр берсін жасыңа Сөздік минимум Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шәй, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын!				
Тәрбиеші мен балалардың әрекеті			Денешынықтыру: Негізгі қимылдар: Жүру: Адымдап жаң –жаққа қосалқы қадаммен(оңға және солға) жүру Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, тепе-теңдік сақтап жүру. Сөйлеуді дамыту: «Қуыршақты сипатта» Әдіс-тәсілі: «Ой қозғау» Шарты Несі ұнады? (шашы,көйлегі, сырғасы,бөркі,камзолы, үкісі). -Сұлушашатың шашы қандай? (Қою қара шашты) -Оның шашы ұзын,әдемі	Сөйлеуді дамыту, ««Берілген дыбыспен сөздерді ата» Шарты: <i>д/ойын:</i> Тәрбиеші кез өкелген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айта отырып дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажыратуға үйрету. Сенсорика: «Пішіндерді боя» <i>д/ойын.</i> Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Сол пішіндерді бояуды ұсыну. Сурет салу,Мүсіндеу, Жапсыру. «Сақина	Денешынықтыру: Негізгі қимылдар: Жүру: Адымдап жаң – жаққа қосалқы қадаммен(оңға және солға) жүру Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, тепе-теңдік сақтап жүру. Сөйлеуді дамыту «Үй жануарлары» Шарты:Жануарларды жасырып қою,шапшаң таба білу.Жоғалған жануарлардың атын айту,қай жануардың қасында тұрғанын тақтадан көрсету.

			-Ал Сұлушашымыздың көйлегі қандай? Бүрмелі,қазақтың ұлттық көйлегі Сұлушаштың бөркіне тоқталу. -Бөрік киімнің қай түріне жатады? -Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған несі? -Бөріктің төбесіндегі үкісі неден жасалады? Үкі-орман құсы. Үкінің-жүні үлпілдек. -Енді бәріміз үкінің дыбысын салайықшы. Сенсорика: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Әдіс – тәсілі: д\ойын: Ойынның мазмұны: Қуыршақты қонаққа барады, кимін киюге, шашына бантик таңдауды ұсыну. Көп бантиктердің арасына ұзындығы бірдей, екі бантикті табу керек. Сурет салу,Мүсіндеу, Жапсыру: «Қуыршаққа білезік жасау» Әдіс-тәсілі: Белсенділік орталықтарына бөлінуі.	жасау. Шарты:Балаларға сақина жасауды үйрету Әдіс-тәсілі:Белсенділік орталықтарын таңдауы	Сенсорика: «Өз үйінді тап» Шарты: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер тарату,түсін атау.Үйлерін көрсету.Белгі бойынша балалар дөңгелектердің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады. Әдіс-тәсілі: «Монтессори» Сурет салу,Мүсіндеу, Жапсыру «Ою элементтері» Әдіс-тәсілі: белсенділік орталықтарды таңдау»
Серуенге дайындық	Мәдени-гигиеналық дағдылар: Өзіне-өзі қызмет көрсету, киіміне күтім жасау Сөздік минимум Киім-кешек: Шалбар, тон, етік Іс-қимылды білдіретін сөздер: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу, киімдерін ұқыпты жинау				

